

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1122 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Жанар Сейдахметқызы Айтжановаға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қазандағы N 1142 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметінің арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісті:

1. Келісімнің 2 - бабында:

1 - тармақта:

"жыл сайын" деген сөздер алынып тасталсын;

"Хаттамамен" деген сөздің алдынан "осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып

табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын көрсетілген Хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы мен Грузия арасында қолданылатын еркін сауда режимінен алуларды қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы еркін сауда режимінен алуларды кезең-кезеңімен жою кестесіне сәйкес ж о ю ғ а к е л і с т і . " ;

2 - тармақ алынып тасталсын;
мынадай редакцияда жаза отырып, 3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін:

"2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін және оны қолдану кезеңіндегі Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағынан шығатын тауарлар деп, шығарылуы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген Тауарларды шығаратын елдерді айқындау ережесіне сәйкес айқындалған тауарлар ұғынылады."

2. Келісім осы Хаттаманың қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2004 " _____ " _____ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалған, әрі барлық мәтіндердің, б і р д е й к ү ш і б а р .

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Грузия

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы
1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда
туралы келісімге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы хаттамаға
қосымша

"Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы
1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда
туралы келісімге
қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы еркін
сауда режимінен алуларды кезең-кезеңімен жою кестесі**

СЭҚ ТН коды	Тауар атауы	Алуларды жою мерзімі
2203	Уытты сыралар: 1 сәуір	2005 жылғы
2205	Өсімдік немесе хош иісті заттар қосылған вермуттар мен өзге де жүзімнен жасалған табиғи шараптар	2005 жылғы 1 сәуір
2206	Өзге ашытылған сусындар (алма сидрі, перри /алмұрт сидрі/, бал сусыны); ашытылған сусындардан жасалған қоспалар мен басқа жерде аталмаған ашытылған сусын қоспалары мен алкогольсіз сусындар	2005 жылғы 1 сәуір
2207	Көлемі 80% немесе одан да көп спирт қоспасы бар денатураландырылмаған этил спирті; этил спирті және өзге денатураландырылған, кез келген қоспадағы спирттер	2006 жылғы 1 қаңтар
24	Темекі және темекіні өнеркәсіптік алмастырғыштар 1 сәуір	2005 жылғы
1701 99 100	Ақ қант	2005 жылғы 1 сәуір "